



**BASEL**  
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ЗАҢДЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ЕРІКТІ  
ЛИМИТТЕЛГЕН САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ЕРІКТІ  
САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ  
№2-ҚОСЫМШАСЫ**

Сақтандыру санаты:	Автокөлік құралдарын ерікті сақтандыру
Сақтанушы:	Меншік құқығында, жалда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да негізде сақтандырылған автокөлік құралдарының (бұдан әрі-АКҚ) иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға
Пайда алушы:	Сақтанушы (АКҚ иесі (қожайыны)).
Сақтандырылған:	Сақтанушы заңды тұлға – жол жүру парағы негізінде әрекет ететін тұлға. Сақтанушы жеке тұлға – Сақтандыру Полисінде (бұдан әрі-Полис) көрсетілген сақтандырылған автокөлік құралын басқаруға рұқсат етілген тұлға
Сақтандырудағы шектеулер:	<b>Сақтандыруға келесі көлік құралдары қабылданады:</b> 1) Қазақстан Республикасы аймағында тіркелген, 2005 жылдан бұрын емес уақытта шығарылған жеңіл АКҚ. <b>Сақтандыруға келесі көлік құралдары қабылданбайды:</b> 1) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарында есепке алуға жатпайтын АКҚ; 2) Спорттық жарыстарға, оқу мақсаттары мен тест-драйвқа қатыспайтын АКҚ; 3) Жалға тапсырылған, кепілде/лизингте тұрған, такси режимінде жұмыс істейтін АКҚ.
Сақтандыру нысаны:	АКҚ иелік ету, пайдалану және/немесе иемдену, сонымен қатар оны зақымдау немесе жоғалту (опат болу) қаупімен байланысты Сақтанушының/Сақтандырылушының мүлдіктік мүддесі.
Сақтандыру оқиғасы:	Жол-көлік оқиғасы (ЖКО) -АКҚ қозғалысы барысында туындаған үшінші тұлғаның АКҚ және оның қатысуымен соқтығысуы салдарынан сақтандырылған АКҚ зақымдалуы немесе жоғалуы (опат болуы).
Сақтандыру сомасы, сақтандыру тарифі, сақтандыру сыйлықақысы және сақтандыру сомасының тарифі:	Санат бойынша тариф (0,1% – 15,93%) шеңберінде Сақтандырушының уәкілетті органының шешімімен бекітіледі
Сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімі мен тәртібі:	Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушымен бір мезгілде Полис жасалған күні Сақтандырушының банктік шотын немесе кассасына қолма-қол/қолма қолсыз төлем түрінде төленеді.
Франшиза:	Ішкі саясат шеңберінде, Сақтандырушының уәкілетті органының шешімімен бекітіледі.
Сақтандыру төлемі:	1) Пайда алушыға, Полиспен белгіленген шынайы залал мөлшерінде, алайда сақтандыру сомасынан асырмай жүзеге асырылады: ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының кінәсіне қарамастан. 2) Жол полиция Органдарының құжаттары міндетті. Төлем тозуды есепке алғанда, тәуелсіз бағалаушымен бағалау бойынша жүргізіледі.
Сақтандыру агенті/брокері туралы ақпараттар:	Бағдарламамен «BASEL» СК АҚ серіктестері арқылы Полисті рәсімдеу көзделген.
Агенттік сыйақы мөлшері, % гросс:	Ішкі саясат шеңберінде Сақтандырушының уәкілетті органдарының шешімімен бекітіледі.
Сақтандыру аймағы:	Қазақстан Республикасы
Сақтандыру Полисінің қолданылу мерзімі:	Полис сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі келесі күннен бастап күшіне енеді және Полистің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе Полис бойынша бірінші сақтандыру төлемі алынғанға дейін, қайсысы ерте түсетініне байланысты қолданылады.
Қосымша жағдайлар:	Сақтандыру бағдарламасымен, жарнамалық және маркетингтік мақсаттар үшін аталған сақтандыру Бағдарламасы шеңберінде сақтандыру өнімінің атауын өзгерту көзделген.
Сақтандыру Полисін жасасу нысаны:	Сақтандыру Полисі, оны қағаз нұсқада немесе электронды түрде рәсімдеу арқылы беріледі.
Басқа да сақтандыру жағдайлары:	Бағдарлама бойынша Колл орталық немесе компания сайты арқылы сату кезінде 10% жеңілдік қарастырылған.